

## МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТУЛЕР

### Қауіпсіздік шаралары



#### Қауіпті!

Мұндай ескертуді елемей электр тогына түсу салдарынан өмірге қауіп төндіретін жарақатқа себеп болуы мүмкін.

- Бұл құрылғыны бекітілген қабырға розеткасының дәл қасына қоймау керек.
- Қыздырғышты ваннаға, раковинаға, душтарға және бассейндерге өте жақын жерде пайдаланбаңыз.
- Қыздырғышты тек тік бағытында пайдаланыңыз.



#### Маңызды!

Мұндай ескертуді елемей жарақаттануға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балаларға, қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады. Балалардың құрылғымен ойнамауы керек. Тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балаларға бақылаусыз орындатпау керек.
- 3 жасқа толмаған балаларды үздіксіз бақылау болмаған

кезде аулақ ұстаңыз.

- 3 жастан асқан және 8 жасқа толмаған балалар құрылғыны тек қалыпты жұмыс істейтін орынға орналастырғанда немесе орнатқанда және олар бақылауда болғанда немесе құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және болуы мүмкін қауіп-қатер туралы ақпарат берілгенде ғана іске қосуы/ажыратуы керек. 3 жастан асқан және 8 жасқа толмаған балалар құрылғыны розеткаға қоспайды, реттемейді, тазаламайды немесе техникалық күтім көрсетпейді.
- ЕСКЕРТУ** – осы өнімнің бөліктері өте ыстық болуы және күйіп қалуға себеп болуы мүмкін. Балалар және мүмкіндіктері шектелген адамдар бар жерде оларға өте мұқият назар аудару керек.
- Осы радиатордың негізгі бөлігі арнайы майдың дәл мөлшерімен толтырылған, сондықтан, май құйылған бөлікті ашуды қажет ететін жұмыстарды қызмет көрсету агенті орындауы керек. Кез келген май ағу жағдайын Тұтынушылар тәжірибесі қызметіне хабарлау керек, толық мәліметтерді берілген кепілдік құжатынан көріңіз.
  - Егер қуат кабелі зақымданса,

барлық қауіп-қатерлердің алдын алу үшін оны өнім жасаушысы, техникалық қызмет орталығы немесе сол сияқты білікті маман ауыстыруы керек.

- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** қауіпсіздік жүйесін байқамай қайта орнатудан туындайтын кез келген қауіп-қатердің алдын алу үшін, бұл құрылғыны сыртқы таймермен іске қосу керек.
- Біз сізге қыздырғышты өтпе желі бар жерге орналастырмауды ұсынамыз, себебі ауаның қатты өтпе желі құрылғының пайдалану тиімділігіне едәуір әсер етуі мүмкін.



**Күйіп қалу қаупі бар!!**

Мұндай ескертуді елемеу күйіп қалуға әкеп соқтырады.

- **ЕСКЕРТУ:** Қызып кетудің алдын алу үшін ешбір жағдайда құрылғыны пайдалану кезінде оның бетін бүркемеңіз, себебі бұл қауіпті қызып кетуге себеп болуы мүмкін.
- Ұзартқыш сымды пайдалануды ұсынбаймыз, себебі қыздырғышты пайдалану барысында ұзартқыш сымның шамадан тыс қызып кетуі мүмкін.
- Бұл қыздырғышты жуылған киімдерді кептіру үшін пайдаланбаңыз.
- Қыздырғыш ыстық болған кезде қуат кабелін оның үстіне қоймаңыз.



**Ескеріңіз:**

Бұл тақба пайдаланушыға арналған ұсыныстарды және маңызды ақпаратты білдіреді.

- Қыздырғышты мүліктен немесе басқа нәрселерден кемінде 50 см алшақ орналастырыңыз.
- Құрылғыны бірінші рет пайдаланған кезде, «жаңа» иісті кетіру үшін оны термостатты

барынша орнатып, 15 минутқа қосып қойыңыз. Тасымалдау алдығы қыздыру элементіне жағылған қорғаныш заттың еруіне байланысты аздап түтін шығуы мүмкін.

- Құрылғының төменгі жағындағы ыстық ауа шығатын саңылау немесе ауа кіру торлары жабылып қалмасын.
- Құрылғыны тіпті ол орнатылғаннан кейін де ашаға және розеткаға оңай қол жеткізуге болатындай етіп орналастырыңыз.
- Бұл құрылғыны ауданы 4 м<sup>2</sup> кем болатын бөлмелерде пайдаланбаңыз.
- Бұл құрылғы абайсызда шамадан тыс қызып кету салдарынан құрылғыны ажырататын қауіпсіздік құрылғысымен жабдықталған. Қалпына келтіру үшін Тұтынушылар тәжірибесі қызметімен хабарласыңыз, мәліметтерді берілген кепілдік құжатынан көріңіз.

## СИПАТТАМА

- A дисплей
- B қосу-күту режимі түймесі
- C күшейту түймесі
- D азайту түймесі
- E қуат түймесі
- F есо (үнемдеу) түймесі
- G таймер түймесі
- H сым ұстағышы
- I дөңгелек


## ПАЙДАЛАНУ

### «Оңай дөңгелек» жүйесі

Радиатордың бетін сырып алмас үшін оны кілемге немесе жұмсақ нәрсеге төңкеріп қойыңыз.

Дөңгелектерді сыртқа қарай бұрау арқылы толығымен жазыңыз (1-сурет).

Радиаторды тік бағытына қайта бұраңыз.



### Орны


Қыздырғышты қуат розеткасының дәл астына орналастырмау керек. Бұл радиаторды беткі ауданы 43 шаршы фут (4 ш/м) кем болатын бөлмелерде пайдаланбаңыз.


## Қуат желісі




- Құрылғыны пайдаланбас бұрын құрылғының мәліметтер жапсырмасында көрсетілген кернеу мен үйіңздегі желінің кернеу және розетка көрсетілген жүк шамасына сай екенін тексеріңіз.
- Сақтандырғыштардың көтере алатын ток мөлшерлерін де тексеріңіз. ҚЫЗДЫРҒЫШТЫ ТЕК ЖЕРГЕ ҚОСЫЛҒАН РОЗЕТКАЛАРҒА ҒАНА ҚОСЫҢЫЗ.
- Құрылғы электромагниттік үйлесімділікке қатысты 2004/108/ес стандартына сай.


Қыздырғышты розеткаға қосыңыз, құрылғы күту режиміне орнатылады. Бұл дисплей «C» белгісін көрсетеді. Киімдерді немесе көрпелерді, жиһаздарды немесе жанғыш заттарды қыздырғыш қосылған розеткадан аулақ ұстаңыз. Электр қуаты үзілген жағдайда (электр болмай қалғанда немесе құрылғы розеткадан ажыратылғанда) құрылғы әрқашан күту режиміне өтеді.

## Қыздыру функциясы

Құрылғыны іске қосу үшін  (B) түймесін басыңыз.

Қажетті қуат деңгейін орнату үшін  (E) түймесін басыңыз:

MIN (  ) (Төмен); MED (  ) (Орташа); MAX (  ) (Жоғары). Қажетті температураны таңдау үшін, + немесе - (C немесе D) түймесін басыңыз. + немесе - түймесін бір рет басқанда (дисплейде көрсетілген) температура 1°C бойынша жоғарылайды не төмендейді. Осы + немесе - түймесін басу арқылы мән дереу көбейеді немесе азаяды.



Құрылғы температураны 5° және 28°C аралығында орнатуға мүмкіндік береді.

## Қатудан қорғау функциясы

"-" түймесімен температураны 5 деңгейіне

орнатсаңыз, құрылғыдағы Antifreeze (Қатудан қорғау) функциясы іске қосылады.


Дисплейде \* белгісі көрінеді, осылайша құрылғы тек бөлме температурасы 5°C-тан төмендегенде ғана автоматты түрде іске қосылады. Қыздыру функциясына қайта оралғыңыз келсе, "+" түймесін бір рет басыңыз. Қуат көзі ажыраған соң (зонд ақаулығынан немесе құрылғының розеткадан ажырауынан) құрылғы әрқашан күту режиміне өтеді.

## Эко функциясы

Бұл функция іске қосылуы болған кезде құрылғы қуат тұтынуды азайту барысында оңтайлы қолайлылыққа кепілдік беру үшін ең тиісті қуат деңгейін автоматты түрде орнатады.

Бұл функцияны іске қосу үшін "ECO" (F) түймесін басыңыз. Бұл дисплей ECO белгісін көрсетеді. Егер таңдалған температура нақты бөлме температурасынан жоғарырақ болса, құрылғы автоматты түрде іске қосыла және бөлмені дереу қыздыра бастайды.


Құрылғы автоматты түрде ең қолайлы қуат деңгейін (MAX-MED-MIN-OFF (ЖОҒАРЫ-ОРТАША-ТӨМЕН-ӨШІРУЛІ)) таңдайды.


Егер MAX (Жоғарғы) қуат деңгейі  түймесімен таңдалса, құрылғы мыналардың арасында ауысып отырады: (MAX(ЖОҒАРЫ)-MED(ОРТАША)-MIN(ТӨМЕН)-OFF(ӨШІРУЛІ)).


Егер MED (Орташа) қуат деңгейі таңдалса, құрылғы мыналардың арасында ауысып отырады: MED(ОРТАША)-MIN(ТӨМЕН)-OFF(ӨШІРУЛІ).


Егер MIN (Төмен) қуат деңгейі таңдалса, құрылғы мыналардың арасында ауысып отырады: MIN(ТӨМЕН)-OFF(ӨШІРУЛІ).

## Жұмыс істеу индикаторы

 белгісі әр түрлі түстермен қызу деңгейін көрсетеді.


 ҚЫЗЫЛ: құрылғы ең жоғарғы қуат деңгейінде қыздыруда.

 ҚЫЗҒЫЛТ-САРЫ: құрылғы орташа қуат деңгейінде қыздыруда.

 ЖАСЫЛ: құрылғы ең төменгі қуат деңгейінде қыздыруда.



 жоқ: құрылғы қызбай жатыр.


## Перне құлпы


Байқаусызда іске қосуды болдырмау үшін пернетақтаны перне құлпы функциясымен құлыптауға болады. Бұл функцияны іске қосулы режимде белсендіру үшін + және - түймелерін кемінде 3 секунд бірге басып тұрыңыз. Дисплейде  белгісі көрінеді және дыбысты сигнал шығады. Бұл функцияны ажырату үшін діл осы әрекетті орындаңыз.





## Таймер функциясы

Бұл функцияны екі түрлі жолмен іске қосуға болады.

**Кешігіп бастау:** Құрылғы күту режимінде болған кезде, таймер түймесін (G)  басыңыз. Құрылғы іске қосылуына дейін қалған сағаттар саны  белгісімен және жыпылықтаған "h" (saғ) белгісімен бірге көрінеді. + және - түймелерінің көмегімен сағатты өзгертіңіз де, бағдарлама сақталғанша бірнеше секунд күтіңіз.


Дисплей өшкен күйіне оралып,  белгісі қосұлы қалады. Бағдарламаланған уақыт аяқталған кезде, құрылғы осыған дейінгі параметрлермен іске қосылады.



**Кешігіп тоқтау:** құрылғы қосылған кезде, таймер түймесін  басыңыз. Құрылғы күту режиміне өткенге дейінгі сағаттар саны, қуат деңгейі және кейде таңдалған функция  белгісімен және жыпылықтаған "h" (saғ) белгісімен бірге көрінеді. + және - түймелерінің көмегімен сағатты өзгертіңіз де, бағдарлама сақталғанша бірнеше секунд күтіңіз. Ағымдағы параметрлер мен  белгісі көрінеді. Орнатылған уақыт аяқталған кезде құрылғы күту режиміне автоматты түрде қосылады. Таймерсіз іске қосу мақсатында кейін қайту үшін, таймер түймесін екі рет басыңыз. Дисплейден  таймер таңбасы жоғалады.



**Ескеріңіз:** таймерді 0,5 және 24 сағат аралығында орнатуға болады.



## Температура шкаласын өзгерту

Дисплейде температура °F және °C өлшем бірлігімен көрсетіледі.

Қалаған температура шкаласын таңдау үшін, құрылғы күту режимінде болған кезде, «+» және ECO түймесін кемінде 10 секунд басып тұрыңыз, сосын барып жіберіңіз.


Шкаланың өзгеруі екі қысқа дыбысты сигналдың шығуымен көрсетіледі.

## Дисплейдің жарықтығы

Құрылғы дисплейінде екі жарықтық параметрі бар. Жоғарғысы кез келген түйме басылған кезде іске қосылады.

Пернетақта бірнеше секунд белсенді болмаған кезде, жарықтық операциялық жарықтық деңгейіне көтеріледі. Бұл төменгі деңгейді былай реттеуге болады:

- құрылғы іске қосұлы режимде болған кезде ECO түймесі 5 секунд басылғанда дисплейде мынау көрсетіледі:



- + және - түймелерімен қалаған жарықтық деңгейін таңдауға болады (үш жарықтық деңгейі бар).
- Ешбір түйме басылмаған 5 секундтан кейін жарықтық деңгейі есте сақталады да, жұмыс істеу жағдайлары бұрын орнатылған күйде қалады.

## Дабылдар

Құрылғыда ақаулықтарды анықтауға арналған өзін-өзі тексеру жүйесі бар.

Проблемалар болған жағдайда, дисплейде мынау дабыл хабары көрсетіледі:

- **РФ** (Зонд ақаулығы) жыпылықтауда  
Осы дабыл болған кезде құрылғы жұмыс істемейді. De'Longhi тұтынушыларды қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.
- **НТ** (Жоғарғы температура)  
Өнімнің ішкі температурасы тым жоғары болған кезде, қыздыру қуаты біртіндеп және автоматты түрде төмендейді.  
Дисплейде НТ екі секунд көрсетіледі (жыпылықтауда). Осы дабылдың себебін жою үшін, құрылғы бетінің жабылмағанын тексеріңіз және құрылғыны салқындатыңыз.

## **ҚАУІПСІЗДІК ҚҰРЫЛҒЫСЫ**

Қауіпсіздік құрылғысы қыздырғышты шамадан тыс қызып кеткен жағдайда өшіреді.

Мұндай жағдайдан соң қыздырғышты қайта қоспас бұрын De'Longhi тұтынушыларды қолдау қызметімен хабарласыңыз.

## **КҮТІМ КӨРСЕТУ**

Ашаны әрқашан розеткадан суырыңыз және радиаторды суытып алыңыз. Радиаторды жұмсақ әрі дымқыл шүберекпен сүртіңіз, жуғыш химикаттарды және қырғыш заттарды пайдаланбаңыз. Егер радиатор біраз уақыт бойы пайдаланылмайтын болса, сымды сым ұстағыштың айналасына орап, құрғақ жерде сақтаңыз. Бұл құрылғы ұзақ жылдар бойы ешбір проблемасыз қызмет көрсететіндей етіп жасалған. Ақаулық немесе күдік болған жағдайда, қыздырғышты өзіңіз жөндеуге әрекеттенбеңіз: ол өрт не тоққа түсі қаупіне себеп болуы мүмкін. De'Longhi тұтынушыларды қолдау қызметімен хабарласыңыз (тіркелген De'Longhi тұтынушыларға қызмет көрсету орталықтары тізімін көріңіз).

## **ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ**

Қуат көзінің кернеуі Деректер тақтасынан көріңіз  
Тұтынылатын қуат "

## **ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР**

Бұйым түрі: өнімдегі таңбалауға қараңыз  
Үлгі: "  
Кернеу: "  
Жиілік: "  
Қуаты: "

## **Қытайда:**

De'Longhi Appliances s.r.l.  
via L.Seitz, 47 - 31100 Treviso Italy  
Де'Лонги Апплайансиз с.р.л.  
Виа Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия үшін жасалған.

## **Көдендік одақтар территориясында тұтынушыларға тасымалдау үшін жауапкершілікті және импортер:**

“Делонги” ЖШҚ  
127055 Ресей, Мәскеу қ,  
Суцёвская көшесі, 27-үй, 3-ғимарат  
Тел.: +7 (495) 781-26-76

Бұл құрылғы пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей жолмен пайдаланылады. Өнімнің мерзімі сатып алынған күннен бастап 2 жылға созылады.

Бұйым шығарылған күнін бұйым корпусында жазылған сериялық нөмір бойынша анықтау мүмкін. (Сериялық нөмірі: ASSCC, бұл жерде А – өнім жасалған жылдың соңғы саны, SS – өнім жасалған апта, CC – басып шығару күні, 1992 жылдан бастап автоматты түрде есептеледі. Мысалы: Сер.№ 30411, өнім жасалған жыл – 2003, өнім жасалған апта – 4)

**EAC**

## АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

ПРОБЛЕМА	СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
Дисплей жұмыс істемейді	Оның жалғанғанын және электр розеткасының жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз.  Қауіпсіздік қондырғысы құрылғыны ажыратқан болуы мүмкін.	Розеткаға қосыңыз.  Бітеп тұрған нәрсені алып тастаңыз және құрылғыны салқындатып қойыңыз. Егер құрылғы жұмыс істемесе, De'Longhi тұтынушыларды қолдау қызметімен хабарласыңыз.
Құрылғы қызбайды	Температура тым төмен орнатылған болуы мүмкін.	Температураны жоғарырақ мәнге орнатыңыз.
Дисплейде көрсетіледі: P.F жыпылықтауда	Бұл бөлме температурасы датчигінің ақаулығын көрсетеді.	De'Longhi тұтынушыларды қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.
Дисплейде көрсетіледі: H.E (Жоғарғы температура) жыпылықтауда	Құрылғы өте жоғары ішкі температураға дейін қызған.	Құрылғының беті жабылып қалмағанын тексеріңіз және құрылғыны салқындатыңыз. Өнімнің ішкі температурасы төмендеген кезде, дабыл жоғалады.  Егер құрылғы жұмыс істемесе, De'Longhi тұтынушыларды қолдау қызметімен хабарласыңыз.